Докторант Оралбек Алмастың «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» атты диссертациялық жұмысына отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторант Оралбек Алмастың «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» атты диссертациялық зерттеуі қазақ әдебиеттану ғылымындағы халық ақындары мұрасын жаңа ғылыми талаптар тұрғысынан зерделеуге бағытталған маңызды еңбек болып табылады. Зерттеу жұмысы XX ғасырдағы Жетісу ақындық дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі Әбдіғали Сариевтің шығармашылық тұлғасын, әдеби ортасын, көркемдік-поэтикалық жүйесін және шығармаларының мәтіндік қалыптасу ерекшеліктерін кешенді түрде қарастыруымен ерекшеленеді.

Диссертацияның ғылыми өзектілігі ең алдымен Ә. Сариев мұрасының бүгінгі күнге дейін арнайы әрі тұтас зерттеу нысаны ретінде толық қарастырылмауымен байланысты. Ақын шығармалары әр кезеңде жарияланып, ел аузында, қолжазба қорларында және жеке жинақтарда сақталғанымен, олардың мәтіндік табиғаты, нұсқалық айырмашылықтары, қолжазба мен баспа мәтіндерінің арақатынасы, авторлық поэтикасы мен дәстүрлік негіздері арнайы текстологиялық талдауға түсе қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, докторанттың зерттеуі Әбдіғали Сариев шығармашылығын жеке ақын мұрасы ретінде ғана емес, Жетісу ақындық мектебінің даму үдерісімен, халық поэзиясының тарихи жалғастығымен және қазақ әдебиетіндегі ауызша дәстүр мен жазба мәтіннің өзара байланысымен ұштастыра қарастыруымен құнды.

Жұмыстың құрылымы зерттеу мақсатына сай жүйелі құрылған. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарауда Ә. Сариевтің шығармашылық тұлғасы, ақындық ортасы, дәстүр сабақтастығы және әдеби мұрасының тарихи-мәдени негіздері қарастырылған. Екінші тарауда ақын шығармаларының көркемдік-поэтикалық жүйесі, бейнелеу құралдары, фольклорлық жанрлар мен ұлттық таным көріністері талданған. Үшінші тарауда Ә. Сариев айтыстары мен өлеңдерінің тәкстологиялық мәселелері қолжазба және жарияланған нұсқалар негізінде салыстырмалы түрде сараланған. Мұндай құрылым зерттеу тақырыбының негізгі мәселелерін бірізді ашуға мүмкіндік береді.

Докторант Әбдіғали Сариевтің ақындық болмысын Жетісу өңірінде қалыптасқан дәстүрлі ақындық мектеппен ұштастыра қарастырады. Зерттеуде Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі және басқа да халық ақындарына тән суырыпсалмалық өнер, елдік мүддені жырлау, әлеуметтік

шындықты көркем сөз арқылы жеткізу, айтыс мәдениетін дамыту сияқты сипаттардың Ә. Сариев шығармашылығындағы жалғасы нақты көрсетілген. Бұл бағыттағы тұжырымдар ақын мұрасын жеке шығармашылық құбылыс ретінде ғана емес, белгілі бір әдеби ортаның, ұстаздық өнегенің және рухани тамырластықтың нәтижесі ретінде бағалауға негіз беріеді.

Зерттеудің маңызды қыры – ақын шығармаларын текстологиялық тұрғыдан қарастыруы. Докторант қолжазба қорларындағы нұсқалар мен әр жылдары жарық көрген басылымдарды өзара салыстырып, мәтін құрамындағы өзгерістерді, қысқарған немесе толықтырылған тұстарды, лексикалық және құрылымдық айырмашылықтарды анықтауға ұмтылған. Әсіресе айтыс мәтіндері мен өлеңдердің нұсқалық ерекшеліктерін саралау барысында автор тек сыртқы айырмашылықтарды көрсетумен шектелмей, олардың шығарма мазмұнына, идеялық желісіне, көркемдік тұтастығына және авторлық болмысын тануға тигізетін әсерін де пайымдайды. Бұл диссертацияның ғылыми салмағын арттыра түседі.

Жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі қазақ әдебиеттануындағы халық поэзиясы, ақындық өнер, фольклорлық мұра, көркемдік жүйе және текстология мәселелеріне арналған іргелі зерттеулермен байланыстырылған. Докторант тарихи-салыстырмалы, жүйелеу, талдау, жинақтау және текстологиялық салыстыру әдістерін орынды қолдана отырып, зерттеу нысанының табиғатына сәйкес ғылыми пайымдаулар жасайды. Ә. Сариев шығармашылығының ауызша поэзия мен жазба әдебиеттің тоғысындағы құбылыс ретінде қарастырылуы зерттеудің теориялық маңызын күшейтеді.

Диссертацияда ақын поэзиясындағы көркемдегіш құралдар, фольклорлық жанрлар, ұлттық дүниетаным, арнау, айтыс, дастандық сипат, әлеуметтік және азаматтық үн мәселелері де назардан тыс қалмаған. Бұл ретте докторант Ә. Сариев шығармаларындағы дәстүрлі поэтикалық үлгілердің жаңа тарихи жағдаймен байланысын ашуға тырысады. Ақынның шығармашылық мұрасы арқылы XX ғасырдағы халық ақындары поэзиясының қоғамдық қызметі, көркемдік мүмкіндігі және мәтіндік сақталу мәселелері айқындала түседі.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ретінде Әбдіғали Сариев мұрасының алғаш рет кешенді түрде қарастырылуын, ақын шығармаларының қолжазба және баспа нұсқалары негізінде салыстырылып талдануын, айтыстары мен өлеңдерінің текстологиялық сипатының арнайы зерттеу нысанына айналуын атауға болады. Сонымен бірге диссертацияда ақынның Жетісу ақындық мектебіндегі орны, дәстүр жалғастығы, шығармашылық даралығы және әдеби мұрасының тарихи-көркемдік құндылығы жаңа ғылыми пайымдаулар арқылы негізделген.

Жұмыста ұсынылған ойлар мен қорытындылар зерттеу нысанына алынған нақты мәтіндерге, қолжазба деректеріне, жарияланған жинақтарға және ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып жасалған. Бұл докторанттың

тақырыпты меңгеру деңгейін, ғылыми материалмен жұмыс істеу қабілетін және өз тұжырымдарын дәлелдеуге ұмтылысын көрсетеді.

Оралбек Алмастың «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» атты диссертациялық жұмысы тақырыптық өзектілігі, ғылыми жаңалығы, зерттеу нысанының маңыздылығы және нақты мәтіндік материалдарға сүйенуі жағынан PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертант алға қойған мақсатына қол жеткізіп, Ә. Сариев мұрасын қазақ әдебиеті тарихындағы орны мен текстологиялық ерекшелігі тұрғысынан ғылыми негізде талдай алған.

Қорытындылай келе, докторант Оралбек Алмастың аталған диссертациялық жұмысын «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу алдындағы диссертациялық кеңестің талқылауына ұсынуға болады деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты **Әуесбаева П.Т.**